

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
"ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
"ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ"
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

№ 01-18-373

20 23 ж. "13" 09



ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ"
КММ директоры

Г.Мухметова

**Білім беру мекемелерінің психологтеріне арналған
«Үздік психолог» облыстық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесі
(бұдан әрі –Байқау)**

I.Жалпы ережелер

1. Байқаудың басты мақсаты: талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өз кәсіптік біліктілігін көрсете алатын психологтерді анықтау, қолдау және мадақтау (ынталандыру) болып табылады.
2. Байқаудың міндеттері:
 - 1) психологтердің инновациялық тәжірибесі жөнінде банкін жинақтау;
 - 2) үздік тәжірибелі психологтерді анықтау және жаңа буын әдістемелік материалдар базасын қалыптастыру;
 - 3) психологтердің кәсіптік қарым-қатынас жасауына және шығармашылық жаңалықтармен, идеялар мен тәжірибемен алмасуына жағдай жасау;
 - 4) қатысушылардың кәсіптік шеберлігінің өсуіне ықпал ету, кәсіптік психологиялық білімнің маңыздылығын арттыру және отандық психология ғылымындағы тәжірибелік психология қызметінің мәртебесін көтеру.

III. Байқау мазмұны және кезеңдері

3. Байқау 3 кезеңде өткізіледі:

I кезең – аудандық, 2023 жылдың қазан айының бірінші жартысында өткізеді.

II кезең – облыстық, 2023 жылдың қазан айының екінші жартысында облыстық әдістемелік орталығы өткізеді.

Байқауға қатысу жөніндегі сұраныс (басшылықпен бекітілген), портфолионы 2023 жылдың 18 қазанына дейін мына мекенжайға жіберулеріңізді сұраймыз: e-mail: dinara.kydykenova@mail.ru Кыдыкенова Динара Жәрдембекқызы сот. 87478469220

1.СЫРТТАЙ КЕЗЕҢ

1.Психолог портфолиосы. Портфолиода 3 жұмыстан артық болмауы керек (оқушы, ата-ана, педагогтармен өткізілген түзету-дамыту бағдарламалары, іс-шара жоспарлары).

Психолог портфолиосы электронды нұсқада 18 қазанына дейін мына мекенжайға жіберулеріңізді сұраймыз: e-mail: dinara.kydykenova@mail.ru

2. БЕТПЕ-БЕТ КЕЗЕҢ

1. Авторлық бағдарлама (Авторлық бағдарлама бекітілуі тиіс)

Орындау уақыты –5-7 минут.

2. «Психологтың ғажайып әлемі» монолог түрінде (видео немесе презентация)

Орындау уақыты –5 минут.

IV. Байқауды ұйымдастыру

4. Байқауды дайындау және өткізу үшін облыстық ұйымдастыру комитеті құрылады. Қазылар алқасының құрамын ұйымдастыру комитеті бекітеді.

5. Ұйымдастыру комитеті Байқаудың қорытынды кезеңін дайындап өткізу, бағдарламасын дайындау, қатысушылардың тізімін жасауға басшылық етеді, қазылар алқасының құрамын тағайындайды, байқаудың қорытындысын шығарып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

V. Байқауды қорытындылау

6. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы категориялары бойынша байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.
7. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер облыстық әдістемелік орталықтың I, II, III дипломымен, «Үздік портфолио», «Мамандыққа адалдық», «Үздік бастама» номинацияларымен марапатталады. Үздік деп танылған жұмыстар тәжірибеге енгізуге ұсынылады.

VI. Байқауды қаржыландыру

8. Қатысушылардың іссапар шығындары (жол ақысы, тамақтану, жатын орны), ұйымдастыру жарнасы жіберуші жақтың есебінен төленеді.

«Үздік психолог»
облыстық байқауына
сұраныс

Аты-жөні	Жұмыс орны	Туған жылы, айы, күні	Еңбек өтілі (психолог ретінде)	Санаты	Электрондық адресс, телефон

Тапсырма өлшемшарттары

1. СЫРТТАЙ КЕЗЕҢ

1. Психолог портфолиосы

Портфолиода 3 жұмыстан артық болмау керек (оқушы, ата-ана, педагогтермен өткізілген түзету-дамыту бағдарламалары, іс-шара жоспарлары)

Бағалау өлшемдері:

- ұсынылып отырған оқу-әдістемелік материалдың өзектілігі;
- материал мазмұнының іске асыру деңгейі;
- заманауи ақпараттық-кәсіптік технологияларды пайдалану деңгейі;
- ұсынылған материалдардың нәтижелері мониторингі;

2. БЕТПЕ-БЕТ КЕЗЕҢ

1. Авторлық бағдарлама. (Авторлық бағдарлама бекітілуі тиіс)

Орындау уақыты –5-7 минут.

Бағалау өлшемдері:

- тақырыптың өзектілігі;
- кәсіби жан-жақтылығы;
- мақсаттылығы, нәтижелігі;
- түзете – дамытушылық бағдарламаның бала аңғарымына сәйкестігі;
- қолданылатын әдіс-тәсілдердің оқушы жасерекшелігіне сәйкес болуы;
- оқушыға оқу қиындықтарын жеңуге бағытталған әдістердің тиімділігі;
- оқушының даму динамикасы (қорытынды, нәтижесі)
- түзету сабақтарының бірізділігі (өзара байланысы)
- мазмұндылығы және рәсімделуі

2. «Психологтың ғажайып әлемі» монолог түрінде (видео немесе презентация)

Орындау уақыты –5 минут.

Бағалау өлшемдері:

- креативтілігі;
- көпшілік алдында сөйлеу қабілеті;
- мақсаттылық.